



№ 10 (Ғылыми кеңес хаттамасы)

Алматы
2026 ж.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Ф 017-1.113-2026
		30.04.2026 ж.
	<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет. 2-13

1. ӘЗІРЛЕНДІ

Наурызбаева А. С. – PhD докторы, «Дизайн» кафедрасының доценті,
 Нурдубаева А. Р. – сәулет канд., «Дизайн» кафедрасының доценті.

2. ТАЛҚЫЛАНДЫ

«Дизайн» кафедрасының отырысы

Хаттама № 9 « 10 » 04 2026 ж.

«Дизайн» кафедрасының меңгерушісі

 Көшенов К. С., профессор

3. КЕЛІСІЛДІ

Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор  Халыков К.З.

Ғылыми кадрларды даярлау бөлімінің басшысы  Кульшанова А.А.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Ф 017-1.113-2026
		30.04.2026 ж.
	<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет. 3-13

Магистратура бойынша қабылдау емтиханының бағдарламасы жоғары білім берудің осыған дейінгі деңгейі (бакалавриат) бағдарламасының көлеміне сай құрастырылған.

«Дизайн» білім беру бағдарламасы магистратураға қабылдау келесі бағыттар бойынша білім алғандарға рұқсат етіледі:

В001 – Педагогика және психология (6В011 Педагогика және психология)

В007 – Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау (6В014 Жалпы дамудың пәндік мамандануы бар мұғалімдерді даярлау)

В023 – Режессура және Арт-менеджмент (6В02106/ 6В02191 Арт-менеджмент)

В030 – Бейнелеу өнері (6В02102 Бейнелеу өнері, 6В02104 Сценография, 6В02117 Сәндік өнер, 6В02138 Кітап графикасы)

В031 – Мода, интерьер дизайны және өндірістік дизайн (5В041700 – Сәндік өнер, 5В042300 – Арт-менеджмент, 5В042100 –Дизайн / 6В02190 – Дизайн);

В039 – Мәдениеттану (5В020400 – Мәдениеттану);

В042– Журналистика және репортерлік іс (5В050400–Журналистика);

В044 – Менеджмент және басқару (5В050700 – Менеджмент, 5В051000

–Мемлекеттік және жергілікті басқару, 5В050700 – Экономика);

В070 – Тоқыма: киім, аяқ киім және былғары бұйымдар (5В073300 – Тоқыма материалдарының технологиясы мен жобалануы);

В073- Сәулет және құрылыс (5В042000-Сәулет);

В092 – Тынығу (5В090600 – Мәдени-тынығу жұмысы).

Артықшылық беріледі:

- бейін бойынша кәсіби немесе ғылыми-педагогикалық жұмыс тәжірибесі бар тұлғаларға;

- бейіні бойынша ғылыми жарияланымдары бар, ғылыми-зерттеу жұмыстары конкурстарының жүлдегерлері мен лауреаттарына;

- бейін бойынша маңызды шығармашылық жобалардың авторларына, халықаралық және республикалық шығармашылық конкурстардың жүлдегерлері мен лауреаттарына;

- шетел тілін жақсы немесе жоғары деңгейде меңгерген тұлғаларға;

- дизайн бағыттары бойынша кемінде 5 жыл еңбек өтілі бар тұлғаларға.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Ф 017-1.113-2026
		30.04.2026 ж.
	<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет. 4-13

I. 7M02190 – ДИЗАЙН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНА ОҚУҒА ТҮСУШІЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

1. Магистратураға түсушінің:

Түсінігі болу керек:

- дизайн дербес ғылыми пән ретінде, оның гуманитарлық және техникалық білім жүйесіндегі орны, сондай-ақ мәдениеттану, әлеуметтану, семиотика, педагогика және шығармашылық психологиясымен пәнаралық байланыстары туралы;
- материалдық мәдениет пен дизайнды зерттеудегі теориялық тәсілдердің эволюциясы, соның ішінде негізгі историографиялық мектептер – формализм, функционализм, постструктурализм, акторлық-желілік теория туралы;
- ғылыми ізденіс әдіснамасы: зерттеу тақырыбын таңдау қағидаттары, гипотезаны қою, деректерді жинау мен өңдеудің тиімді әдістерін таңдау – сапалық және сандық әдістер, визуалды талдау, кейс-стади, сараптамалық сұхбаттар туралы;
- дизайнды оқытудың заманауи тәсілдері, соның ішінде құзыреттілік модельдері, жобалық оқыту, цифрлық білім беру платформаларын және интерактивті әдістерді пайдалану туралы;
- ғылыми нәтижелерді білім беру үдерісіне интеграциялау тетіктері және дизайнерлік білімді академиялық әрі қоғамдық ортада тарату тәсілдері туралы;
- дизайнерлік практиканы сыни және рефлексивті талдау, оның ішінде этикалық аспектілер, мәдени апроприация, әлеуметтік жауапкершілік және тұрақты даму мәселелері туралы.

Білу керек:

- көркем бейненің табиғатын, заттың таңбалық мәнін және материалдық ортаның мәдени және ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы рөлін түсіндіретін іргелі философиялық, мәдениеттанулық және өнертанулық тұжырымдамалар туралы;
- ғылыми мәтіннің құрылымы мен логикасы: кіріспе, әдебиеттерге шолу, әдіснама, талдау бөлімі, қорытындылар; академиялық стиль талаптары, дәйексөз келтіру және библиографияны рәсімдеу ережелері (ГОСТ, АРА және басқа стандарттар);
- жоғары көркемдік-өнеркәсіптік білім беруде қолданылатын педагогикалық теориялар мен әдістемелер, сондай-ақ дизайн дидактикасының заманауи бағыттары: проблемалық оқыту, жобалық әдіс, геймификация, цифрлық портфолио;
- гранттық қолдау мен фандрайзинг рәсімдері, сондай-ақ креативті индустриялар саласындағы ғылыми-зерттеу және білім беру жобаларын басқару негіздері;
- Қазақстан Республикасында зияткерлік меншік, авторлық құқық және білім беру қызметін реттейтін өзекті нормативтік-құқықтық база туралы.

Түсіну керек:

- дизайнның әлеуметтік-экономикалық, технологиялық және мәдени өзгерістермен шартталған тарихи феномен ретіндегі дамуының ішкі логикасын түсіну және осы



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ**

Түсу емтиханының бағдарламасы
нормативтік құжат түрі

Ф 017-1.113-2026

30.04.2026 ж.

Бет. 5-13

факторлар арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтай білу;
– дизайн-зерттеулердегі заманауи теориялық пікірталастар: антропоцентристік және экоцентристік тәсілдер, дизайн мен саясаттың өзара байланысы, дизайнның әлеуметтік шындықты құрастыру тәсілі ретіндегі рөлі;
– білім беру бағдарламалары мен оқу курстарын құру қағидаттары, оқыту мақсаттарын Блум таксономиясы деңгейлерімен сәйкестендіру (білу, түсіну, қолдану, талдау, синтез, бағалау);
– жобалаудың әртүрлі парадигмаларының (инженерлік, көркемдік, әлеуметтік-бағдарланған) ерекшеліктері және олардың оқыту әдістеріне ықпалы;
– ғылыми нәтижелерді диаграммалар, сызбалар, инфографика, инсталляциялар және мультимедиялық презентациялар түрінде интерпретациялауға және ұсынуға мүмкіндік беретін визуалды және кеңістіктік коммуникация әдістері.

Меңгеру керек:

– ғылыми-зерттеу қызметінің әдіснамасын меңгеру: зерттеу сұрағын қою, тұжырымдамалық модель құру, сәйкес құралдарды (статистика, контент-талдау, семиотикалық талдау, сараптамалық бағалау әдісі) таңдау және алынған деректерді интерпретациялау дағдылары;
– педагогикалық риторика және презентация дағдылары: дәріс материалын құрылымдау, пікірталас жүргізу, студенттердің топтық жұмысын ұйымдастыру және олардың жобаларын критерийлер бойынша бағалау қабілеті;
– заманауи ақпараттық және цифрлық технологияларды тек жобалау құралы ретінде ғана емес, академиялық коммуникация құралы ретінде қолдану (деректер базаларымен, библиографиялық менеджерлермен, бірлескен жұмысқа арналған онлайн-платформалармен жұмыс істеу);
– визуалды дереккөздерді, архивтік құжаттарды, тарихи артефактілерді және теориялық мәтіндерді сыни талдау әдістерін меңгеру, олардың жасырын мағыналары мен идеологиялық ұстанымдарын анықтай білу;
– академиялық жазу және көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын қазақ, орыс және шет тілдерінің бірінде (ағылшын) меңгеру, халықаралық конференцияларға қатысуға және рецензияланатын журналдарда мақалалар жариялауға жеткілікті деңгейде.

Құзыретті болу керек:

– магистрлік зерттеудің өзекті тақырыптарын өз бетінше тұжырымдау, олардың ғылыми жаңалығын, теориялық және практикалық маңызын негіздеу;
– мемлекеттік білім беру стандартының талаптарын, кәсіби стандарттарды және еңбек нарығының сұраныстарын ескере отырып, дизайн пәндері бойынша оқу курстарының құрылымы мен мазмұнын әзірлеу;
– педагогикалық эксперименттер жүргізу және олардың тиімділігін педагогикалық статистика әдістері арқылы бағалау;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Ф 017-1.113-2026
		30.04.2026 ж.
	<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет. 6-13

- студенттер мен жас дизайнерлер үшін ғылыми-әдістемелік семинарлар, мастер-класстар және воркшоптар ұйымдастыру;
- ғылыми және кәсіби ортада авторлық ұстанымды дәлелді түрде қорғау, оның ішінде пікірталас жүргізу және басқа жұмыстарға рецензия беру;
- өз зерттеулерінің нәтижелерін білім беру үдерісіне және дизайн-жобалау практикасына енгізу, теория мен қолданбалы міндеттердің өзара байланысын көрсету.

Ескерту. Бұл талаптар ғылыми-педагогикалық бағытқа түсушілер үшін ең төменгі шекті деңгей болып табылады. Артықшылық дизайн саласы бойынша оқытушылық тәжірибесі бар, ғылыми жарияланымдары бар, сондай-ақ шетел тілін түпнұсқа ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеуге және халықаралық ынтымақтастыққа қатысуға мүмкіндік беретін деңгейде меңгерген талапкерлерге беріледі. Қабылдау емтихандары барысында талапкердің аналитикалық және сыни ойлау қабілетіне, дизайн-зерттеулердің ұғымдық аппаратын меңгеруіне және педагогикалық мәдениетіне ерекше назар аударылады.

2. Қабылдау емтиханына «Магистратура мен PhD докторантураға қабылдау туралы Ережеге» сәйкес келесі емтихан түрлері кіреді:

- жазбаша эссе (ғылыми-педагогикалық бағыт);
- реферат қорғау. Реферат дизайнның базалық пәндер кешені пәнаралық негізде құрылынып ұсынылған тақырыптардың бірі бойынша алдын ала орындалады.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Ф 017-1.113-2026
		30.04.2026 ж.
	<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет. 7-13

II. ЭССЕ ТАҚЫРЫПТАРЫ (ғылыми-педагогикалық бағыт)

1. «Дизайн» терминінің эволюциясы: қолөнерден XX–XXI ғасырлардағы жобалық мәдениетке дейін.
2. XX ғасырдың негізгі стильдік парадигмалары: модерн, ар-деко, конструктивизм, функционализм (салыстырмалы талдау).
3. Баухаус пен ВХУТЕМАС ұйымдарының заманауи дизайн-білім беруді қалыптастырудағы рөлі.
4. Көшпелілердің материалдық мәдениеті: киіз үй – эргономикалық және семиотикалық нысан ретінде.
5. Индустриялық революцияның заттық ортаның қалыптасуына әсері.
6. Дизайндағы постмодернизм: функционализмге сын, ирония және цитаталылық.
7. Орта Азия мен Қазақстанның сәулет ескерткіштері: ислам дәстүрлері мен жергілікті құрылыс мектептерінің синтезі.
8. Графикалық дизайндағы көркем және эстетикалық бейнені қалыптастырудағы графикалық элементтердің рөлі.
9. Халықаралық мәдени алмасу және оның қазақстандық дизайнның дамуына әсері.
10. Қаланың көрнекі ақпараттық-коммуникативтік өрісін трансформациялау ерекшелігі (Қазақстан қалаларының мысалында).
11. Визуалды мәдениеттің өзгеруі: философиялық және мәдени аспектілер.
12. XX ғасырдың бірінші онжылдығындағы интерьер дизайн теориясы мен практикасындағы шығармашылық ізденістер.
13. Интерьер сәні өмірді эстетикалаудың бір түрі ретінде: заттық-кеңістіктік ортаның жаңа стандарттары.
14. Қазіргі философия мен ғылым контекстіндегі заттық-кеңістіктік ортаның дизайны.
15. Концептуалдық дизайн жобалары: пайдаланылмаған әлеуетті іске асыру мәселелері.
16. XXI ғасырдың басындағы интерьер ортасының сәндік элементтері: көркемдік-эстетикалық және құрылымдық-эргономикалық ерекшеліктері.
17. Ландшафттық орта дизайнындағы көркемдік форма мен құрылыс материалының композициялық достастығы.
18. Қазақтың дәстүрлі ою-өрнектерін заманауи дизайнерлік жобаларға біріктіру.
19. Өнеркәсіптік дизайндағы көркемдік модельдеу: дәстүр мен инновация арасында.
20. Посткеңестік эстетиканың қазіргі қазақстандық дизайнға әсері.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Ф 017-1.113-2026
		30.04.2026 ж.
	<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет. 8-13

Әдебиеттер тізімі

1 Бөлім. Дизайнның жалпы теориясы мен тарихы

1. Глазычев В. Л. Дизайн как он есть / В. Л. Глазычев. – Изд. 2-е, доп. – М.: Европа, 2006. – 320 с.-
2. Ковешникова Н. А. История дизайна. Краткий курс лекций: учебное пособие для вузов / Н. А. Ковешникова. – 4-е изд., стер. – СПб.: Лань, 2025. – 136 с.-
3. Михайлов С. М. История дизайна: учебник для вузов: в 2 т. / С. М. Михайлов. – М.: Союз дизайнеров России, 2016. – Т. 1–2.
4. Рунге В. Ф. Основы теории и методологии дизайна: учебное пособие для вузов / В. Ф. Рунге, В. В. Сеньковский. – М.: МГХПА им. С. Г. Строганова, 2020.-
5. Хескетт Д. Дизайн: краткая история / Д. Хескетт. – М.: АСТ, 2017. – 256 с. (Оригинал: Heskett J. Design: A Very Short Introduction. – Oxford University Press, 2005.)-

2 Бөлім. Дизайнның философиясы, әдістемесі және мәдениеттануы

6. Быстрова Т. Ю. Вещь. Форма. Символ: философия дизайна / Т. Ю. Быстрова. – Екатеринбург: Архитектон, 2019. – 280 с.
7. Норман Д. А. Дизайн привычных вещей / Д. А. Норман; пер. с англ. – М.: Вильямс, 2018. – 384 с.-
8. Норман Д. А. Дизайн для лучшего мира. Новая философия для современных дизайнеров / Д. А. Норман; пер. с англ. – М.: АСТ, 2024. – 352 с.-
9. Фостер Х. Дизайн и преступление / Х. Фостер; пер. с англ. – М.: Ад Маргинем Пресс, 2019. – 272 с.-
10. Хохрин Е. В. Философия дизайна городской среды: монография / Е. В. Хохрин, С. А. Смольков. – Иркутск: ИРНИТУ, 2019. – 158 с.-

3 Бөлім. Баухауз, ВХУТЕМАС және дизайн-білімі

11. ВХУТЕМАС 100. Школа авангарда / под ред. Н. С. Смирновой. – М.: ABC дизайн, 2021. – 304 с.-
12. Иттен И. Искусство цвета / И. Иттен; пер. с нем. – М.: Д. Аронов, 2020. – 128 с.-
13. Кантор К. М. Красота и польза: социологические очерки материально-художественной культуры / К. М. Кантор. – М.: Искусство, 1967. – 280 с.
14. Лаврентьев А. Н. История дизайна: учебное пособие / А. Н. Лаврентьев. – М.: Гардарики, 2007. – 303 с.
15. Уитфорд Ф. Баухауз / Ф. Уитфорд; пер. с англ. – М.: Искусство — XXI век, 2019. – 256 с. (Оригинал: Whitford F. Bauhaus. – Thames & Hudson, 1984.)

4 Бөлім. Шетелдік дизайн историографиясы

16. Спарк П. Введение в дизайн и культуру: 1900 – настоящее время / П. Спарк; пер. с англ. – М.: Ад Маргинем Пресс, 2021. – 240 с. (Оригинал: Sparke P. An Introduction to Design and Culture: 1900 to the Present. – Routledge, 2020.)
17. Фаллан К. История дизайна: новый взгляд / К. Фаллан; пер. с англ. – М.: Слово, 2022. – 304 с. (Оригинал: Fallan K. Design History: Understanding Theory and Method. – Bloomsbury, 2020.)

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Ф 017-1.113-2026
		30.04.2026 ж.
	<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет. 9-13

18. Вудхем Дж. Словарь современного дизайна / Дж. Вудхем; пер. с англ. – М.: АСТ, 2019. – 512 с. (Оригинал: Woodham J. A Dictionary of Modern Design. – Oxford University Press, 2018.)
19. Джулье Г. Культура дизайна / Г. Джулье; пер. с англ. – М.: Слово, 2020. – 256 с. (Оригинал: Julier G. The Culture of Design. – SAGE, 2017.)
20. Роусторн Э. Привет, мир: где дизайн встречается с жизнью / Э. Роусторн; пер. с англ. – М.: АСТ, 2021. – 320 с. (Оригинал: Rawsthorn A. Hello World: Where Design Meets Life. – Penguin, 2019.)

5 Бөлім. Өнеркәсіптік дизайн және пішіндеу

21. Брызгов Н. В. Промышленный дизайн: история, современность, футурология: учебное пособие / Н. В. Брызгов, Е. В. Жердев. – М.: МГХПА им. С. Г. Строганова, 2015. – 543 с.-
22. Заёнчик В. М. Основы творческо-конструкторской деятельности: предметная среда и дизайн: учебник для вузов / В. М. Заёнчик, А. А. Карачёв, В. Е. Шмелёв. – М.: Академия, 2006. – 320 с.
23. Ульрих К. Проектирование и разработка продуктов / К. Ульрих, С. Эппингер; пер. с англ. – М.: Альпина Паблишер, 2020. – 416 с. (Оригинал: Ulrich K., Eppinger S. Product Design and Development. – McGraw-Hill, 2020.)
24. Шимко В. Т. Основы дизайна и средового проектирования: учебное пособие / В. Т. Шимко. – М.: Архитектура-С, 2007. – 160 с.
25. Элам К. Геометрия дизайна. Пропорции и композиция / К. Элам; пер. с англ. – СПб.: Питер, 2011. – 112 с.

6 Бөлім. Материалдық мәдениет және көшпенділер дизайны

26. Асанова С. История казахской национальной одежды и прикладного искусства: учебник / С. Асанова. – Алматы: Лантар Books, 2024. – 192 с.-
27. Асанова А. Исследование исторического развития казахской национальной одежды, элементов декора и украшений: монография / А. Асанова. – Алматы: Лантар Books, 2024. – 164 с.-
28. Муканов. Казахская юрта и ее убранство / Муканов. – М.: Наука, 1964.-
29. Талгаткызы Д. История дизайна в Казахстане / Д. Талгаткызы. – [б. м.]: Издательские решения, 2025.
30. Кенжеахметулы С. Быт и культура казахского народа / С. Кенжеахметулы; пер. с каз. – Алматы: Ана тілі, 2021.-

7 Бөлім. Қазақ ою-өрнегі мен этнодизайн

31. Оспанулы Е. Этнографический атлас казахского орнамента / Е. Оспанулы. – Алматы, 2020.-
32. Қожабаев Е. Ж. Қазақ оюлары / Казахский орнамент / Kazakh ornaments: тәңіршілдік мәдениеттің пиктограммалары және олардың модульдерін заманауи дизайн бойынша үйлестіру / Е. Ж. Қожабаев. – Алматы, 2019.-
33. Ордабаев А. Б. История архитектуры Казахстана от древности до начала XX века / А. Б. Ордабаев. – Алматы: КазНИИ, 2018.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Ф 017-1.113-2026
		30.04.2026 ж.
	<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет. 10-13

8 Бөлім. Графикалық дизайн, брендинг и визуалдық сәйкестілік

34. Бхаскаран Л. Анатомия дизайна: реклама, книги, газеты, журналы / Л. Бхаскаран; пер. с англ. – М.: АСТ, 2019. – 256 с.-
35. Лаптон Э. Графический дизайн: базовые концепции / Э. Лаптон; пер. с англ. – М.: МИФ, 2021. – 224 с.
36. Лесняк В. Графический дизайн (основы профессии) / В. Лесняк. – М.: IndexMarket, 2011. – 415 с.
37. Уильямс Р. Дизайн для недизайнеров / Р. Уильямс; пер. с англ. – СПб.: Питер, 2022. – 288 с.
38. Grijalva J. Design and National Identity / J. Grijalva. – London: Bloomsbury, 2020. – 272 с.-

9 Бөлім. Интерьер, орта және ландшафтық дизайн

39. Гримли К. Интерьер. Справочник по дизайну / К. Гримли, М. Лав; пер. с англ. – М.: Колибри, 2018. – 384 с. (Оригинал: Grimley C., Love M. Interior Design Reference. – Rockport, 2018.)
40. Джодидио Ф. Современные дома / Ф. Джодидио; пер. с англ. – М.: Taschen / АСТ, 2021. – 512 с. (Оригинал: Jodidio P. Contemporary Houses. – Taschen, 2021.)
41. Ларченко Д. А. Интерьер: дизайн и компьютерное моделирование / Д. А. Ларченко, А. В. Келле-Пелле. – СПб.: Питер, 2008. – 478 с.
42. Рейд Г. Ландшафтный дизайн / Г. Рейд; пер. с англ. – М.: Кладезь-Букс, 2018. – 256 с. (Оригинал: Reid G. Landscape Design. – Wiley, 2018.)
43. Шимко В. Т. Архитектурно-дизайнерское проектирование: учебное пособие / В. Т. Шимко. – М.: Архитектура-С, 2007.

10 Бөлім. Қосымша әдебиет

44. Бейрут М. Теперь вы это видите: эссе о дизайне / М. Бейрут; пер. с англ. – М.: Ад Маргинем Пресс, 2019. – 224 с.
45. Володина Е. Дизайн-рецепт. Как делать проект / Е. Володина. – М.: Ridero, 2016.
46. Котлер Ф. Основы маркетинга / Ф. Котлер, Г. Армстронг; пер. с англ. – 2-е изд. – М.: Вильямс, 2018. – 752 с.
47. Лидвелл У. Универсальные принципы дизайна / У. Лидвелл, К. Холден, Д. Батлер; пер. с англ. – СПб.: Питер, 2019. – 272 с. (Оригинал: Lidwell W. Universal Principles of Design. – Rockport, 2019.)
48. Савостьянова М. Дизайн сегодня / М. Савостьянова. – М.: Стрелка Пресс, 2020.
49. Эскобар А. Дизайн для плюриверса / А. Эскобар; пер. с англ. – М.: Ад Маргинем Пресс, 2022. – 288 с. (Оригинал: Escobar A. Designs for the Pluriverse. – Duke University Press, 2018.)

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Ф 017-1.113-2026
		30.04.2026 ж.
	<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет. 11-13

III. РЕФЕРАТ ТАҚЫРЫПТАРЫ

1. Деректерді жобалық-көркем ұсыну: Қазақстандағы инфографиканың эволюциясы. Инфографиканың статикалық сызбалардан интерактивті дашбордтар мен анимациялық визуализацияларға дейінгі трансформациясын талдау. Ақпараттың кең аудиторияға қолжетімділігіндегі инфографиканың рөлі.
2. Қазақстандағы веб-дизайн: Қазнеттің алғашқы сайттарынан цифрлық экожүйелерге дейін. ҚР-дағы веб-дизайнның даму тарихы, негізгі студиялар мен жобалар, халықаралық байқаулардағы жетістіктер (European Newspaper Award), адаптивті және мобильді дизайнның қазіргі трендтері.
3. Заманауи плакат: әлеуметтік, саяси, жарнамалық — композиция мен бейне. Цифрлық дәуірдегі плакаттың трансформациясы: баспа өнімінен интерактивті арт-мозаика мен генеративті өнерге дейін. Қазіргі әлеуметтік кампанияларды талдау («Таза Қазақстан» экологиялық бастамасы).
4. Әлеуметтік плакаттың көркем-композициялық шешімі қоғамдық сананы қалыптастыру құралы ретінде. Әлеуметтік жарнамадағы визуалды тілдің, түстік және графикалық тәсілдердің ерекшелігі. Қазақстандық әлеуметтік кампаниялар мен олардың визуалды сәйкестілігі.
5. Қазақстандағы көркем құрастырудың пайда болуы мен дамуы: авангардтан қазіргі кезеңге дейін. Қазақстандағы дизайн мектебінің қалыптасу кезеңдері, кеңестік мұраның ықпалы және ұлттық сәйкестіліктің қалыптасуы.
6. Қазақ ою-өрнегін заманауи дизайнға енгізу: символдан брендке дейін. Дәстүрлі өрнектердің (қошқар мүйіз, кесте) архитектурада, сәнде, графикалық және өнеркәсіптік дизайнда трансформациясы. Жоғары технологиялық өндірістердегі дәстүр мен инновацияның симбиозы.
7. Киіз үй мәдени мұра нысаны және заманауи дизайн үшін шабыт көзі ретінде. Киіз үйдің конструктивтік, эргономикалық және эстетикалық қағидалары. Оларды мобильді, трансформацияланатын және модульдік нысандарды жобалауда қолдану.
8. Қазақстандық компаниялардың бренд-дизайнындағы ұлттық сәйкестіліктің рөлі. Корпоративтік атрибутикада, қаптамада және айдентикада этникалық мотивтерді енгізудің табысты мысалдарын талдау. Fashion-индустрия мен өнімдік дизайндағы мысалдар.
9. Қазақстан интерьерлеріндегі этнодизайнның заманауи үрдістері. Интерьерлік шешімдерде дәстүрлі материалдарды (киіз, ағаш, жүн) және ою-өрнектерді қолдану. Аутенттілік пен заманауи эстетика арасындағы тепе-теңдік.
10. Қазақстандағы имидждік және туристік нысандарды ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып жобалау. Туристер үшін аутентті ортаны қалыптастыру қағидалары. Қоғамдық кеңістіктер мен қонақүй кешендерінің архитектурасына көшпелі мәдениет элементтерін енгізу.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Ф 017-1.113-2026
		30.04.2026 ж.
	<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет. 12-13

11. Алматы қаласы мысалында Қазақстандағы жаяу жүргіншілер көшелерінің ландшафттық дизайны. Панфилов көшесі, Терренкур және Абай даңғылының абаттандыру жобаларын талдау. Жергілікті климатты ескере отырып, жайлы қалалық ортаны қалыптастыру қағидалары.
12. Алматының жаяу аймақтарындағы шағын архитектуралық формалар дизайны: функционалдықтан арт-объектке дейін. Орындықтар, субұрқақтар, перголалар және жарықтандыру элементтерінің эволюциясы. Қалалық кеңістіктің сәйкестілігін қалыптастырудағы шағын формалардың рөлі.
13. Қазақстандағы заманауи қалалық кеңістіктерді тұрғындардың жайлылығы үшін бейімдеу. Қалалық ортадағы инклюзивті және әмбебап дизайн қағидалары. «Халық қатысатын бюджет» бағдарламалары және олардың қалалар келбетіне әсері.
14. Инновациялық технологиялар мен материалдарды қолдана отырып заманауи дизайн-нысандарды әзірлеу. Экоматериалдарды (жер, жүн, ағаш) және тұрақты технологияларды пайдалану. Дәстүрлі қолөнер тәсілдерін заманауи тәжірибелерге енгізу.
15. Қазақстандық өндірушілердің жиһаз дизайны: жобалаудан өндіріске дейін. 2025 жылғы жиһаз дизайны трендтерін талдау: функционалдылық, сапа, экологиялық тазалық. Қазақстандағы жиһаз индустриясына және халықаралық көрмелерге шолу.
16. Дизайн нысандарының сыртқы келбетін қалыптастыратын эстетикалық параметрлер мен нормалар. Сұлулық, функционалдылық және эргономика арақатынасы. Дизайн-нысандарды бағалаудың заманауи критерийлері.
17. Дизайн жобаларын ұсыну мәдениеті: стилистикалық және жобалық міндеттер. Презентациялық материалдардың эволюциясы: планшеттерден интерактивті VR-презентацияларға дейін. Жобаны қорғауда сторителлингтің рөлі.
18. Паттерндерді әзірлеудің ерекшелігі брендтің фирмалық атрибутикасының бір бөлігі ретінде. Танымал графикалық паттерндерді құру қағидалары. Ұлттық мотивтерді бренд паттерндеріне енгізу.
19. Скетчинг заманауи жобалық графиканың түрі ретінде: түрлері, ерекшеліктері, спецификасы. Цифрлық технологиялар дәуіріндегі қолмен скетчингтің рөлі. Скетчинг — идеяларды жылдам генерациялау және визуалды коммуникация құралы.
20. XX ғасыр мен XXI ғасыр басындағы жобалау-дизайн саласындағы технологиялық инновациялар. Өнеркәсіптік революция, цифрландыру және жасанды интеллекттің дизайн эволюциясына әсері. Bauhaus-тан генеративті дизайнға дейін.

Әдебиеттер тізімі

Цифрлық медиа мен инфографика бойынша

- Cairo A. The Functional Art: An Introduction to Information Graphics and Visualization.
— New Riders, 2012.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Ф 017-1.113-2026
		30.04.2026 ж.
	<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет. 13-13

- Wilke C. Fundamentals of Data Visualization. — O'Reilly, 2019.
- Веб-дизайн және цифрлық өнімдер бойынша
- Krug S. Don't Make Me Think. — New Riders, 2019.
- Gothelf J., Seiden J. Lean UX. — O'Reilly, 2021.
- Плакат және әлеуметтік дизайн бойынша
- Heller S., Vienne V. 100 Ideas that Changed Graphic Design. — Laurence King, 2012.
- Айснер Л., Демина Н. Социальный плакат: искусство убеждения. — 2020.
- Қазақстандық дизайн және ұлттық бірегейлік бойынша
- Нурдубаева А.Р. Кииз уй: структура пространственности. Алматы 2021
- Адамкулов Н. Заманауи дизайн (проектирование и графика). — Алматы, 2020.
- Симбиоз традиций и модерна: казахский орнамент в современном дизайне, образовании и производстве // Zenodo, 2025.
- Multidisciplinary product design as a tool for reflecting and preserving kazakh cultural heritage // АТУ, 2025.
- Урбанистика және ландшафтық дизайн бойынша
- Reid G. Landscape Design. — Wiley, 2018.
- Booth N. Residential Landscape Architecture. — 2017.
- Алматы қаласының акиматының абаттандыру бойынша іске асқан жобалар туралы жарияланымдар (2024-2025).
- Жиһаз және өнеркәсіптік дизайн бойынша
- Ulrich K., Eppinger S. Product Design and Development. — 2020.
- Материалы Казахстанской международной выставки «Мебель. Интерьер. Деревообработка».
- Заманауи материалдар мен тұрақты даму дизайны бойынша
- Sustainable Design: Materials, Technologies, and Applications. — Thames & Hudson, 2024.
- Публикации Tatler Kazakhstan об экоматериалах и трендах интерьера.
- Скетчинг және жобалық графика бойынша
- Henry K. Drawing for Product Designers. — Laurence King, 2012.
- Eissen K., Steur R. Sketching: The Basics. — BIS Publishers, 2011.